

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
28.11.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 28.11.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газ және газбен жабдықтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика бірінші вице-министрі Махамбет Жолдасғалиұлы Досмұхамбетов мырзаға беріледі.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газ және газбен жабдықтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын ұсынуға рұқсат етіңіздер.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заң қабылданған сәттен бастап (2012 жылғы қаңтар) газ саласының белсенді және серпінді дамуы байқалады. 2014 жылдан бастап ағымдағы жылға дейін газдандыру деңгейі 42,5 пайыздан 50 пайызға дейін өсті. Көрсетілген кезеңде газды тұтыну жылына 12,5 миллиард текше метрден 16 миллиард текше метрге дейін өсті. Бүгінде көгілдір отынды халық, өнеркәсіп, сондай-ақ жылу және электр энергиясын өндіру үшін белсенді пайдаланады. Заңмен ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету тәртібі реттелді, газ және газбен жабдықтау саласындағы Ұлттық оператор институты, бағаны мемлекеттік реттеу тетіктері енгізілді. Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықты көгілдір отынмен жабдықтау және экологиялық жүктемені төмендету басымдықпен белгіленген. Бұл ретте ішкі нарықтағы газ бағасын газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор экспорт есебінен субсидиялайды.

Бүгінгі күні газды кеңінен қолдануды ынталандыру және газды терең өңдеуге инвестициялар тарту мақсатында газ саласын мемлекеттік реттеудің жаңа кезеңінің қажеттілігі туындады.

Халықты тұрақты газбен жабдықтау және одан әрі газдандыру басымдығын сақтай отырып, заң жобасында инвестициялық жобалардың түрлі жаңа санаттары үшін жеке баға белгілеу көзделген.

Бірінші. Мемлекет бекітетін бағалар газдың өзіндік құнынан едәуір төмен. Бұл газ саласын дамыту үшін тежеуші фактор болып табылады. Екінші жағынан, осы кезеңде мемлекеттік реттеуден бас тарту және нарықтық баға белгілеуге толық көшу газ бағасының бірден өсуіне алып келеді. Осыған байланысты мұнай-газ химиясын ынталандыру мақсатында осындай жобалар үшін тауарлық газдың бағасын белгілеу тетігі мынадай формула бойынша әзірленді: газ жеткізудің өзіндік құны қосылған Ұлттық оператор рентабельділігінің ең төменгі нормасы (7 пайыз).

Екінші. Қолданылып жатқан отын түрлерімен салыстырғанда газдың отын ретінде бірқатар артықшылықтары бар.

2018 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі табиғи газды мотор отыны ретінде қолдануды дамыту бағдарламасын қабылдады, оны іске асыру экологиялық жүктемені төмендетуге, автокөлік құралдарының шығындарын азайтуға, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

2022 жылға қарай елдің газдандырылған өңірлерінде муниципалдық автопарктері компримирленген газға көшіру жоспарлануда. Автопарктерінің көлік саны 12 мың бірлік.

Сығылған және сұйытылған табиғи газды өндіру үшін газдың шығынсыз бағасын белгілеу, газ моторлы отын нарығын дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді және осы бағдарламаның табысты іске асырылу амалдарының бірі болып табылады.

Заң жобасымен бекітілген тұтынушылардың үшінші санаты – жаңа электростанциялар.

Электр энергиясының жалпы профицитіне карамастан, Қазақстанда қазіргі уақытта энергия жүйесіндегі тапшылықты маневрлік толықтыруға қабілетті реттеуші қуаттардың жетіспеушілігі бар. Бұл электр энергиясының 70 пайызға жуығы энергия жүйесін реттеуге арналмаған көмір электр станцияларымен өндірілуіне байланысты.

Бу-газ станцияларын салу қысқа мерзімде аталған тапшылықты жабуға қабілетті реттеуші қуаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Маневрлік қуаттарды дамыту ресейлік реттеуге арналған шығыстарды төмендетуге және болашақта маневрлік қуаттар резервін құруға мүмкіндік береді, бұл күн және жел энергогенерациясын дамыту жағдайында ерекше маңызды болып табылады.

Заң жобасында осындай бу-газ станцияларын құрылысына инвестициялар тарту үшін ұзақ мерзімді кезеңге газ бағасын белгілеу мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен қатар заң жобасында жер қойнауын пайдаланушылар үшін бағаларды және тауарлық газды көтерме сату бағаларын белгілеу мерзімдерін үйлестіру, сондай-ақ құқықтық олқылықтарды жою көзделген.

Аталған нормалар инвестициялық жобалар үшін газ жеткізу кезінде ұлттық оператордың қосымша шығындарын жинақтамай, жұмыс істеп тұрған тұтынушылар үшін газдың баға белгілеудің ағымдағы тетігін сақтауға мүмкіндік береді.

Біз енгізіп отырған заң жобасы газды қолдану тиімділігін арттыруға бағытталған және:

қосылған құны жоғары мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру жөніндегі стратегиялық маңызды инвестициялық жобаларды газбен қамтамасыз етуге; ұстамды бағалар бойынша ішкі нарықты газбен тұрақты қамтамасыз етуді сақтауға;

елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жылқышиев Байділдә Жылқышыұлына беріледі.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан қосылған құны жоғары өнімді өндіру үшін мұнай-газ-химия саласында өндірістер құру бойынша шаралар қабылдануда. Осыған байланысты заң жобасымен мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту жөнінде өкілетті органға жаңа құзырет беріліп отыр. Олар үшін газға шекті баға белгіленетін болады.

Айтыңызшы, бүгінгі таңда бізде нақты инвестициялық жобалар бар ма? Бар болса, олар қандай жобалар? Осы жобалар тізбесін енгізу үшін қандай критерий қолданылады?

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Қазір үш жоба пысықталуда. Маңғыстау облысында метанол, Жамбыл облысында минералдық тыңайтқыш және Қызылорда облысында техникалық газ күйесі шығарылады. Олардың бәрі 2,5 миллиард доллар инвестицияны құрайды. Жылына 2,6 миллиард текшеметр газ пайдалануды жоспарлап отыр.

Критерий туралы айтып кетейін. Біздің министрлік Ұлттық экономика министрлігімен, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірге заңға тәуелді акт деңгейінде критерийлерді бекітетін болады, ең бастысы өзекті технологияны қолдану, экологиялық қауіпсіздік мәселелері қарастырылады. Жалпы, мультипликативтік эффект қаралады. Жаңа жұмыс орнын ұйымдастыру, тағы да басқа тиісті критерийлер пысықталып нормативтік актіге енгізіледі.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Законопроектом вводятся новые категории потребителей природного газа – промышленные потребители-инвесторы и потребители, включенные в

перечень электростанций, для которых цена покупки газа будет ниже утвержденных.

В настоящее время продолжается газификация страны, в том числе строительство магистрального газопровода «Сарыарка». В связи с этим происходит рост внутреннего потребления газа.

Национальный оператор за счет экспорта товарного газа сдерживает рост цен в первую очередь для населения.

В связи с чем возникают следующие вопросы:

1. Не возникнет ли дефицит газа для продажи на экспорт для сдерживания цены на внутреннем рынке?

2. Достаточно ли в стране газовых ресурсов и для внутреннего рынка, и для выполнения обязательств по экспорту?

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. Спасибо за вопросы.

Как Вы знаете, министерство и Правительство в целом сейчас ориентированы на то, чтобы перейти к более высоким переделам и развивать нефтегазохимическую отрасль, которая, как известно, очень значительно влияет на ВВП страны. К примеру, в развитых странах 1 доллар вложенных инвестиций в нефтегазохимию дает порядка 2-3 доллара роста ВВП этих стран.

Относительно достаточности ресурсов газа. Министерство ежегодно обновляет прогнозы текущих балансов газа. По 2018 году мы добыли 55,5 миллиарда кубометров газа, из них порядка 21 миллиарда кубометров газа недропользователи используют на собственные нужды, в том числе 14 миллиардов кубометров газа – для обратной закачки в пласт, 6,5 миллиарда – на собственные нужды производственного характера.

15 миллиардов кубометров газа было использовано на внутреннем рынке. 19,5 миллиарда было экспортировано.

Конечно, как вы знаете, низкая цена на внутреннем рынке компенсируется национальным оператором «КазТрансГаз» за счет доходов, полученных от экспорта.

В целом ресурсы газа, мы считаем, у нас достаточные, но при развитии нефти и газохимии будет наблюдаться снижение экспорта, это тоже прогнозируемо. Мы считаем, что в целом для экономики страны развитие проектов с высокой добавленной стоимостью принесет больший эффект, чем экспорт.

При этом, если мы будем наблюдать снижение экспорта в 2025 году, то в 2035 году ожидаем, что экспорт снова будет расти за счет того, что мы развиваем газовые проекты, такие как Кашаган (мы планируем развитие и увеличение добычи), месторождения в Актау и Актобе, целая группа месторождений Западного Казахстана, которые тоже планируется в перспективные сроки вводить.

То есть баланс газа соответствует, к дефициту газа на внутреннем рынке не приведет, а цена на внутреннем рынке регламентирована тем, что были установлены ограничения: максимально 10 процентов роста на покупную цену

и 15 процентов – на оптово-розничную цену. При этом роста цены не наблюдается по закупкам, а по оптово-розничным ценам с января этого года цена даже снижена от 4 до 18 процентов (в зависимости от разных регионов).

ТӨРАҒА. Спасибо.

То есть и для внутреннего рынка, и для выполнения обязательств по экспорту прогноз стабильный?

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Да, мы уверены в наших ресурсах.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Сейдуманов Серік Тұрарұлына беріледі.

СЕЙДУМАНОВ С.Т. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос к докладчику и представителю Министерства национальной экономики.

Законопроектом вносятся дополнения в статью 20 Закона «О газе и газоснабжении» по установлению предельных цен оптовой реализации товарного газа:

1) для потребителей-инвесторов, приобретающих товарный газ для производства нефтегазохимической продукции;

2) для потребителей, включенных в перечень электростанций.

Предельные цены оптовой реализации товарного газа на внутреннем рынке устанавливаются с учетом экономических и социальных условий газоснабжения регионов Республики Казахстан.

Скажите, пожалуйста, не повысится ли цена на газ для населения в результате вносимых законопроектом изменений?

Прошу представителя Министерства национальной экономики также прокомментировать данный вопрос.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Махамбет Джолдасғалиевич.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Спасибо.

Если я правильно понял вопрос, Вы спрашиваете, не будет ли повышения цены газа для населения? Как Вы сказали, предлагаемый нами закон регламентирует только установление цены газа для трех потребителей – новые нефтегазохимические проекты, использование компримированного газа для автотранспорта в качестве моторного топлива и газ для электроэнергостанций, которые будут иметь маневренную мощность.

Относительно населения. В регулирование цен этот закон изменений не вносит, поэтому влияния на рост цены для населения не будет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Пожалуйста, Ермек Амантаевич Алпысов.

АЛПЫСОВ Е.А. Спасибо за вопрос.

Как отметил коллега, действительно, влияния на население не будет. Здесь только появляются новые категории потребителей, для которых предусмотрена оптовая цена. Плюс снижается даже снабженческая надбавка основного оператора, будут заложены только транспортные расходы и нормы рентабельности от оптовой цены.

ТӨРАҒА. Понятно.

Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Махамбет Жолдасғалиұлы! Қазақстандағы электр станцияларының 70 пайызы көмір станциялары екені белгілі. Заң жобасымен газбен жұмыс істейтін жаңа электр станцияларын салу үшін қажетті құқықтық жағдайлар жасалмақшы. Ол үшін «электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушы» деген ұғым енгізіледі және тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағалары белгіленеді.

Айтыңызшы, газ электр станцияларының артықшылығы неде? Және оларды салу отандық энергия жүйесінің Ресей мен Орталық Азия елдерінің энергия жүйелеріне импорттық тәуелді болуына әсер етпей ме?

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Жалпы, Қазақстанда энергия профициті бар. Бірақ тәулікте электр энергиясын тұтыну әртүрлі болады, кешке өседі, күндіз азаяды. Сол кезде бізге маневрлік қуат жетіспей жатыр. Өйткені 70 пайыз көмір электр станциялар, олар ондай мүмкіншілік бермейді. Ондай жағдайда біз Ресейден 600-800 мегаваттқа дейін қуаттылық аламыз. Енді маневрлік қуатты су электр станциялары және газ электр станциялары береді. Біз бу электр станцияларын да дамытуға жол ашып отырмыз. Ондай электр станциясы пайда болған кезде біз Ресейден қуатты алмаймыз. КЕГОС жылына 10-12 миллиард қаражатты өз бюджетінен бөледі. Ол қаражат болашақта Қазақстанда қалады.

ТӨРАҒА. Махамбет Жолдасғалиұлы, сұрақ газ электр станцияларының артықшылығы туралы болды.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Маневрлік қуаттылық алуға мүмкіншілік беретін – су электр станциялары және газ электр станциялары. Көмір электр станциялары бізге ондай мүмкіндік бермейді.

ТӨРАҒА. Ол экология жағынан да халыққа тиімді.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Иә, экологиялық жағынан да пайдасы бар. Кешіріңіздер, оны айтуды ұмытып кетіппін.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Шарапаев Петр Анатольевичке беріледі.

ШАРАПАЕВ П.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Махамбет Джолдасғалиевич, мой вопрос опять же касается цены на газ.

Одной из новелл настоящего законопроекта является расширение применения сжиженного природного газа в качестве моторного топлива. Законопроектом предусматривается установление цен на этот вид газа.

В то же время на другой вид топлива – сжиженный нефтяной газ, который в последнее время очень активно используется автовладельцами, особенно на западе страны, Правительство планирует отказаться от регулирования цен.

Здесь еще хотелось бы отметить, коллеги, что в прошлом году были приняты изменения в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам газа и газоснабжения, инициированные депутатами в целях

недопущения дефицита сжиженного нефтяного газа на внутреннем рынке страны.

В текущем году наблюдается рост производства. Это говорит о том, что законопроект работает, причем работает достаточно эффективно.

Так вот, на сжиженный природный газ будет установлено регулирование, на сжиженный нефтяной газ – отменено. Автовладельцев, граждан волнует, все-таки на автозаправочных станциях поднимется цена, понизится или будет стабильной? Спасибо.

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. Спасибо за вопрос.

Действительно, сжиженный нефтяной газ сегодня в некоторых регионах страны активно используется как моторное топливо. Но, вы знаете, что сейчас мы вывели реализацию этого газа на электронно-торговые площадки. То есть цена на них не регулируется.

Почему мы вышли на площадки? Чтобы уменьшить количество посредников, чтобы цена устанавливалась рынком, при этом производители газа получали справедливую цену.

Почему мы говорим о сжиженном нефтяном газе и сжиженном природном компримированном газе? В чем их отличие?

Во-первых, сжиженный нефтяной газ используется только для легковых автомобилей. Сжиженный природный газ используется как для легковых автомобилей, так и для автобусов, которые имеют большую мощность двигателя. При этом еще есть категория сжатого компримированного природного газа для автобусного парка.

При этом экологическая нагрузка от использования сжатого компримированного природного газа значительно ниже, чем от сжиженного нефтяного газа. Также сжиженный нефтяной газ более предпочтительно использовать для нефтегазохимических проектов.

В связи с этим на сжиженный нефтяной газ цена регулируется, она остается, как в действующем механизме, а здесь предусматривается только для компримированного природного газа, а также для сжиженного природного газа, который имеет большую экологическую приемлемость, в меньшую нагрузку встает, а также возможность не только легковой, но и автобусный парк и тяжелую технику переводить. Особенно это надо учитывать с тем, что мы развиваем транзитный потенциал страны и большая грузовая техника использует как сжатый, так и сжиженный природный газ.

ТӨРАҒА. Извините, Махамбет Джолдасгалиевич.

Петр Анатольевич, я так понимаю, сослался на ту информацию, что вы, Правительство, до конца года планирует отказаться от регулирования цен на сжиженный нефтяной газ в качестве моторного топлива. Так?

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. Да, мы не...

ТӨРАҒА. Стоп, стоп. Так?

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. Да.

ТӨРАҒА. Так. Это приведет к повышению цен для конечного потребителя на этот вид?

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. По нашим расчетам это не приведет к повышению.

ТӨРАҒА. Не приведет. Вот ответ.

Теперь второй вопрос. Какова будет тогда цена данного вида (имеется в виду сжиженный природный газ) в связи с тем, что все равно нагрузка будет у потребителя на него? Пожалуйста.

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. По нашим расчетам, цена на газ, если сравнивать со сжиженным нефтяным газом, будет примерно на уровне 70-80...

ТӨРАҒА. Подождите. Сжиженный природный газ. Скажите вашу прогнозную цену. По сжиженному нефтяному газу Вы сказали. Даже регулирование цен, что Правительство планирует провести в 2020 году, не приведет к повышению. Это очень важно. Сейчас СМИ это разнесут и население будет знать.

Теперь речь идет о цене сжиженного природного газа. Каким образом здесь сложится? Пожалуйста.

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. Цена сжатого природного газа будет на уровне цены сжиженного нефтяного газа – порядка 70-80 тенге. Это если сравнивать по цене. При этом, если сравнивать по расходу на 100 километров, то по сравнению с дизельными или карбюраторными двигателями расход на 100 километров будет примерно в два раза... Что, в принципе, есть и у сжиженного нефтяного газа. Если расход дизельного или бензинового двигателя на 100 километров составляет 1800-1900 тенге, то при использовании сжатого природного газа расход будет составлять порядка 900 тенге на 100 километров. Цену бензина и газа мы сравнить не можем, поэтому я даю расход на 100 километров, что, наверное, более понятно. А цена будет примерно, мы рассчитываем, на уровне действующей цены на сжиженный нефтяной газ.

ТӨРАҒА. Вы сейчас ответственно с трибуны Парламента заявили, что, если Правительство отказывается от регулирования цен на сжиженный нефтяной газ (и в качестве моторного топлива), то это не приведет к повышению. Правильно?

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. По нашим расчетам торговля через биржевые площадки не должна привести к росту цен.

ТӨРАҒА. Господин первый вице-министр сегодня в Парламенте об этом заявил.

Второе. Сжиженный природный газ. Цена данного вида топлива тоже не будет меняться в связи с этим изменением, да?

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. По сжиженному природному газу мы устанавливаем на него цену с расчетом на уровне себестоимости производства газа...

ТӨРАҒА. Меняться будет или нет? Расти будет?

ДОСМУХАМБЕТОВ М.Ж. Мы не прогнозируем рост.

ТӨРАҒА. Не прогнозируете. Все, отлично. То есть решение, которое вы планируете принять, не должно сказаться на ценообразовании, касающемся и сжиженного природного газа, и нефтяного газа. Спасибо. Вот о чем спрашивал Петр Анатольевич, да?

ШАРАПАЕВ П.А. Да, это интересует автомобилистов.

ТӨРАҒА. Да. А то ответ был, что автомобили пользуются, в том числе автобусы. Автобусы тоже входят в категорию автомобилей.

Хорошо. Я попрошу Вас, Махамбет Жолдасғалиевич, отвечать конкретно на вопросы. Мы знаем, Вы очень опытный специалист. О технике, механизме принятия решений знаете.

Сөз депутат Құсайынов Серік Досымханұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ С.Д. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Махамбет Жолдасғалиұлы! Заң жобасын қабылдау Қазақстанда газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесін құрудың кезекті сатысы болып табылады. Ол газбен жабдықтау саласындағы құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған. Ұлттық оператор белгілеген баға бойынша газ беруге міндетті субъектілер шеңбері кеңейтіледі, осыған байланысты экспортқа жіберуге болатын газ көлемі азаяды. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Бұл газбен жабдықтау саласының инвестициялық тартымдылығын азайтуға алып келмей ме? Рақмет.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Жаңа айтқанымдай, газдың экспорты азаяды. Ұлттық оператордың жағдайы төмендемеу керек. Неге десеңіз, қарастырылған бағалар өзіндік бағадан төмен емес. Жалпы, инвестицияларды азайтуға оның теріс әсері болмауы керек.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Хитуов Тарас Киікбайұлына беріледі.

ХИТУОВ Т.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Махамбет Жолдасғалиұлы! Осы заңды қабылдау инвестициялық жобалар үшін газға әділ бағаны белгілеуге мүмкіндік береді. Біз оны, әрине, қолдаймыз. Бірақ еліміздің өңірлерінде газдың бағасы әртүрлі ғой. Мысалы, Маңғыстау облысында ол бір баға болса, солтүстікте және орталық облыстарда ол қымбат. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Газға шекті бағаны белгілеу кәсіпкерлердің ел ішінде, одан тыс жерлерде алыпсатарлықпен айналысуына алып келмей ме? Және оны болдырмау қалай реттелетін болады? Соны айтып берсеңіз.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Өндірісті пайдаланушыларда міндетті түрде газ есебін алатын құралдар болу керек. Егер болмаған жағдайда технологияның өз қуаттылығымен есеп жүргізіледі, ал жаңа инвестициялық жобаларда газ есебін алатын құралдармен есеп жүргізуге міндетті. Сондықтан ұрлыққа жол берілмейді. Ол заң жобасында қарастырылған.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына беріледі.

АБДРАХМАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Махамбет Жолдасғалиұлы! Сіздің баяндамаңызды тыңдап, сұрақтарға қайтарған жауаптарыңызға назар салып отырғанда бір-екі сұрақ туындап отыр.

Бірінші сұрақ. Сіздің баяндамаңызда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Сарыарқа өңіріне, нақты айтқанда Нұр-Сұлтан қаласына 2019 жылдың аяғына дейін газ әкелу жөніндегі нақты тапсырмасы туралы нақты әңгіме айтылмағаны кішкене таңдандырады. Өйткені жақында баспасөзде, әлеуметтік желілерде 2019 жылдың 31 желтоқсанында «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры қосылады деген мәлімет болды. Бұл, әрине, былай айтқанда, «галочка» үшін, яғни 2019 жылы үлгердік деген үшін жасалып отырған әңгіме екендігі жұрттың бәріне көрініп отыр. Осы шаруаның кешігу себебін айтсаңыз. Газ құбырының іске қосылуы қалаға газ келуі дегенді білдіре ме, жоқ, құбырдың іске қосылуын ғана білдіре ме? Бұл бір сұрақ.

Екінші сұрақ. Қазір әлеуметтік желілерде, қалалық газеттерде Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарын, басқа қалалардың тұрғындарын көмір жағуға немесе газ жағуға нақты ұстаным жоқтығы көрініп отыр. Мысалы, жақында көмір жағамын деген адамдар көмірін жаға береді, газ жағамын деген адамдар газын жағады деген түсінік берілді. Егер солай болатын болса, әрине, көптеген жеке сектордағы адамдардың газдан гөрі арзанға түсетін көмірді пайдалана беретіндігі анық. Онда Елбасының қалалардың экологиясын жақсарту жөнінде газды әкелу туралы қойған талабы қалай болып шығады? Осыны түсіндіріп берсеңіз.

Тұрғындарға газды пайдаланудың артықшылығы келтірілген насихат жұмысы жүргізіле ме? Ол жұмыс қалай жүргізіледі? Осыны айтсаңыз. Рақмет.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Баяндамада Елбасының тапсырмасын орындау бойынша айтылған жоқ, себебі қазір қарастырылып отырған заң жобасы «Сарыарқа» магистральдық газ құбырына қатысы болмағаннан кейін айтылмай қалды.

Енді сұрағыңызға жауап беруге тырысайын. Біздің министрлік магистральдық құбырды салуға жауапты. 2019 жылдың аяғына дейін «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын астанаға жеткізу тапсырылған. Ол жұмыстар аяқталып қалды. Қазіргі уақытта құбырдың бәрі салынды, изоляция жасалды, гидросынақ аяқталып қалды, автоматтандырылған газ тарату станциясының жұмыстары аяқталуда. Ол жұмыстарды жылдың соңына дейін бітіреміз.

Құбыр келгенімен газ келе ме, келмей ме деген сұраққа жауап берейін. Тек құбыр келді. Газды осында жеткізу үшін газ тарататын жүйелер салыну керек. Ол министрліктің құзыретіне кірмейді, жергілікті әкімшіліктердің құзыретінде. Мысалы, құбыр Қараөзектен басталса, Бейнеу, Бозой, Шымкент қосылып, оның жолында Жезқазған, Қарағанды, Теміртау, Нұр-Сұлтан. Жолдың бойында басқа да енбеген ауылды мекендер бар.

Әрқайсысына бөлініп, магистральдық құбырды апаратын өзінің жүйелері болады, оған жергілікті органдар жауапты. Оның уақытында

бітпегенін бәріміз білеміз. Келесі жылы күзге дейін қабылдайтын боламыз деп Нұр-Сұлтан, Қарағанды жауап беріп жатыр.

Газдың бағасы және көмір жағу бойынша. Біз оны реттемейміз. Ол әр тұрғынның өзінің шешімі деп мен ойлаймын. Егер пайдалы болса, көшеді, пайдалы болмаса... Біз оған араласа алмаймыз.

Бағасы бойынша айтып кетейін. Министрлік тек көтерме бағаны реттейді. Ол баға жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алатын бағасы. «Бейнеу – Бозой – Шымкенттің» өз магистральдық тарифі бар. «Сарыарқа» магистральдық құбырының өз тарифі бар. Ауылдарға тарататын жүйелердің тарифі бар. Оның барлығы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияны реттеу комитетінің қарауында. Соның бәрін есепке алынғаннан кейін соңғы бағасы шығарылады. Ол бағаны Табиғи монополияны реттеу комитеті бекітеді. Біз оған толық жауап бере алмаймыз.

ТӨРАҒА. Махамбет Жолдасғалиұлы, Владимир Карпович айтады: Досмухамбетов вроде бы производитель и отвечать должен как производитель. Сіз анау-мынау деп ән сияқты айтып тұрсыз. Сауытбек Абдрахманұлының қойған сұрағы «31 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласына газ келеді» деген ақпарат шыққаннан кейін интернетте барлығы шулап екі-үш күн соны талқылағаны жөнінде болды. Елге, халыққа шындықты айту керек. Осыдан бір жыл бұрын Елбасы Үкіметтің жиналысында тас жол туралы айтты. Біз автобандардың бәрін салып, бәрі дайын дедік. Ол жақсы. Бірақ автобаннан ауылға, қалаға, өзінің тұрған көшесіне дейін жол болмаса, ол автобанның бар-жоғының пайдасы не, кімге керек? Газ да сол. Біздің министрлік тек магистральдық құбырға жауап береді. Сол магистральдық құбырды саласыз. 31 желтоқсанда той-думанның бәрін жасайсындар, бір-бірлеріңді мақтайсындар, жасадық, істедік деп. Әрине, жасайсындар, қаражат бар. Нарық болғаннан кейін мердігерлік ұйымдар да дайын. Ал газ тұрғындардың үйлеріне кірмесе, онда ол магистральдің бар-жоғы оларға бәрібір. Махамбет Жолдасғалиұлы, солай емес пе?

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Солай. Оны түсініп отырмыз.

ТӨРАҒА. Сондықтан біз салдық, енді қалғаны жергілікті атқарушы органдардың жұмысы деп айтуға болмайды. Басталған жобалардың бәріне басынан аяғына дейін, яғни ауылға, үйлерге газ кіруіне сіздің министрлік жауап беруі керек. Солай емес пе? Солай.

Махамбет Жолдасғалиұлы.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Нұрлан Зайроллаұлы, айтып отырғаныңыз дұрыс. Халық газды үйіне дейін әкеледі деп күтеді. Өзіңіз жақсы білесіз, мемлекеттік органдардың әрқайсысының өзі жауапкершілігі бекітілген.

ТӨРАҒА. Махамбет Жолдасғалиұлы, по-русски говоря, прекратить надо. Сегмент один, магистральные приходят, и вы рапортуете, что 31-го газ будет доставлен. Газ будет доставлен, когда дойдет до каждого потребителя. Отрабатывать нужно (Ваше министерство же в Правительстве работает) со всеми госорганами, местными исполнительными органами. Комплекс мероприятий должен быть. Параллельно надо отрабатывать с местными

исполнительными органами. Олардың газ тарататын барлық жұмыстарын дайындау керек. Тіпті осы жұмыстарды бірге жасау керек еді. Параллельно надо было вести эти работы и по магистральной, и отрабатывать все, что нужно для того, чтобы газовые разводки были.

Одна магистраль – это не решение задачи же. Просто очень хочется, Махамбет Жолдасғалиевич, чтобы Вы и Ваше министерство, когда работаете со средствами массовой информации, население же читает, ждет, такие ожидания, это второй вопрос, о чем сейчас Сауытбек Абдрахманович говорил, – экология в столице. Как только осень, особенно первые теплые дни, полностью задымлено, невозможно, весь город задыхается, потому что топим углем. Давно пора – XXI век. Надо здесь быстренько все эти вопросы отрабатывать. Ну а та позиция, которую Вы сейчас огласили: наше министерство отвечает за магистральную, мы ее положили, бітті, – это неправильный подход. Координация за Вами, это Ваша отрасль. Солай емес пе, Махамбет Жолдасғалиұлы?

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. На уровне Правительства, Нурлан Зайруллаевич, этот вопрос рассматривался неоднократно, Вы, наверное, в курсе. Создана комиссия в министерстве, она совместно с другими госорганами и акиматом работает. Есть четкий план, но при этом, конечно, Вы знаете, сама система так поставлена, что это их ответственная зона, их тендеры, их подрядчики.

ТӨРАҒА. Что Вы говорите? Как-то громче, яснее говорите.

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. В рамках своей ответственности каждый госорган занят, и на уровне Правительства этот вопрос рассматривается. Сейчас уже приняты конкретные планы. На следующий год совместно с акиматами эта работа будет выполнена, но при этом каждый из нас ответственен за свой участок работы.

ТӨРАҒА. Вы не сделайте так, как это было в Капшагае, по-моему, трубу провели, а там разводки не было, екі-үш жыл жатты сол магистральный. Ертең осы магистральный да екі-үш жыл жатпасын. Сол жұмыстарды өздеріңіз бақылауға алуларыңыз керек. Оны ұйымдастыру бойынша Сіздің министрлік жұмыстар атқару керек. Оны кім жасайды? Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ме? Әлде Денсаулық сақтау министрлігі ме? Это же Ваше министерство отраслевое, Вы должны заниматься этим. Поэтому правильный вопрос Сауытбек Абдрахманович ставит.

Во всех СМИ раздали интервью налево-направо. Ура! Ура! 31 декабря газ придет! Вы говорите честно, что это придет магистраль. Надо на вторую часть ответить: когда газ дойдет до потребителя, когда житель зайдет, конфорку включит или отопление переведет? Тогда следующий вопрос, о котором говорил депутат Абдрахманов, практически и цена на формирование топлива в столице будет другой и, соответственно, экология изменится.

Махамбет Жолдасғалиұлы, хорошо? Түсінікті ме?

ДОСМҰХАМБЕТОВ М.Ж. Түсінікті.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, еще раз говорю, Ваше министерство, Вы должны терпеть в Правительстве и с местными исполнительными органами работать. Первым номером Вы должны работать, Ваше министерство.

Тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Махамбет Жолдасғалиұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Мурадов Ахмет Сейдарахмановичқа беріледі.

МУРАДОВ А.С. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! В своем докладе и ответах на вопросы исполняющий обязанности министра очень четко разъяснил позицию и концепцию данного законопроекта, хотя дискуссия немного вышла за рамки, тем не менее я бы хотел доложить о том, что мы сделали в рабочей группе по проработке данного законопроекта.

Мы получили его 18 сентября 2019 года. Прошла презентация 25 сентября. Было проведено пять заседаний рабочих групп и много-много совещаний с разными представителями различных госорганов, общественных объединений, которые заинтересованы в том, чтобы решить проблемы, которые обсуждаются в данном законопроекте.

Были внесены поправки и до сих пор наши коллеги очень активно участвуют в подаче своих поправок в нормы данного законопроекта.

Что мы обсудили?

Уточнены понятия «оптовая реализация», «промышленный потребитель-инвестор», «потребитель», «потребитель, включенный в перечень электростанций» и «нефтегазохимическая продукция», поскольку это новые термины, которые нам необходимы для реализации следующих вещей, предполагающих создание привлекательного инвестиционного климата, как было дано задание и Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, и Главой государства.

Наделение уполномоченного органа компетенцией по разработке и утверждению перечня инвестиционных проектов по производству нефтегазохимической продукции и правил его формирования с обязательным согласованием с уполномоченным органом в области государственной поддержки индустриально-инновационной деятельности, уполномоченным органом, осуществляющим руководство в сферах естественных монополий, и местными исполнительными органами областей, городов республиканского значения и столицы.

Наделение национального оператора функцией по осуществлению разведки и добычи или добычи углеводородов на газовых и газоконденсатных месторождениях.

Кроме того, депутатами внесены поправки по приведению в соответствие с действующим законодательством и требованиями юридической техники.

Все комитеты Мажилиса представили положительные заключения.

В этой связи прошу поддержать данный проект закона в первом чтении.

Кроме того, Нурлан Зайруллаевич, мы продолжаем работу. У нас имеются предложения наших коллег. Мы надеемся, что все вопросы, которые укладываются в концепцию данного законопроекта, доведем до конца, но есть вопросы, которые требуют своего решения в других нормах, как это было сказано сегодня и по вопросу нашего коллеги Саутбека Абдрахмановича.

В этой связи мы надеемся до второго чтения решить все вопросы в рамках данного законопроекта. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Ахмет Сейдарахманович.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдары республикада мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1991 жылғы 25 миллион тоннадан 2018 жылы 90 миллион тоннаға дейін 3,5 есеге өсті. Газ өндіру деңгейі 6 еседен астам өсті. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» және «Қазақстан – Қытай» магистральдық газ құбырлары салынды, олар бірыңғай газ тасымалдау желісін құруға, елдің оңтүстігін отандық газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, сондай-ақ Қытайдың жоғары табысты нарығына бағыт салды.

Сонымен қатар Қазақстанның мұнай-газ саласы әлемдік энергетика саласының ажырамас бөлігі бола отырып, ел дамуының көптеген аспектілеріне ықпал ете алатын күрделі сын-қатерлерге тап болуда. Мұндай тәуекелдердің қатарына 2014 жылдан бастап жоғары құбылмалылыққа ұшыраған энергия тасымалдағыштардың әлемдік бағалары жатады.

Осыған байланысты бүгінде біздің алдымызда көмірсутегі шикізатын қолдануды арттыру жөніндегі міндеттер тұр. Бұл ретте газдың құндылығы бүкіл әлемде жоғары экологиялық сипаттамалардың және оны қолданудың кендігінің арқасында өсіп келеді. Бұл мәселеде мұнай-газ химиясын дамыту өте өзекті мәселе болып табылады, себебі көмірсутек шикізатына бағаның құбылмалылығы полимерлер бағасының төмендеуіне әсер етпейді. Бұл ретте соңғы өнімнің құны шамамен 5-7 есе өседі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мұнай-газ-химия өнеркәсібі қалыптасу сатысында тұр. Қазақстанда мұнай-химия өндірістерін дамыту мүмкіндіктерін оң бағалау көптеген зерттеулердің, оның ішінде «ExxonMobil» және «Shell» сияқты халықаралық мұнай-газ өндіруші компанияларымен расталған.

Салада тәуелсіздік кезеңінде базалық мұнай-химия және соңғы өнім шығару бойынша бірнеше өндіріс енгізілді. Атырау облысында елдегі мұнай-газ химиясы саласының дамуына серпін беретін екі зәкірлі жоба жүзеге асырылуда.

Газ электр станцияларын пайдалану экология жағынан да, экономика жағынан тиімді. 30-шы жылдары болуы мүмкін оңтүстік өңірдегі дефицитті күн энергиясы мен газ электр станциясын пайдалану атом энергия станциясын салып пайдаланудан әлдеқайда тиімді.

Осыған байланысты мемлекет осы бағыттағы әлеуетті инвесторлар үшін басты мәселені – шикізатпен тұрақты қамтамасыз етуді шешуі аса маңызды.

Бұл заң жобасы терең қайта өңдеудің өндірістік қуаттарын енгізген кезде газда теңгерімді саясат жүргізуге және ағымдағы тұтынушыларды тұрақты газбен жабдықтауды сақтауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты аталған заң жобасы өзекті деп санаймын, әлемдік бағадан төмен баға бойынша қосылған құны жоғары өнімді өндіру үшін шикізат ретінде газды тұтынатын коммерциялық жобаларды шикізатпен қамтамасыз етуге және жағымсыз салдарларға ұшырамауына мүмкіндік береді.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Нурлан Зайруллаевич, с Вашего разрешения хотел бы внести ясность в отношении обсуждаемого вопроса разводки, подвода газа к домам. Эта работа намного трудоемка, нежели строительство магистрального газопровода. Поэтому, имея многолетний опыт, сразу гарантированно могу сказать, подводка к домам и в 2020 году не кончится, потому что не все вопросы зависят от Министерства энергетики и Правительства. Если мы будем думать, что в следующем году будет полный подвод газа к городу Нур-Султану... Дай Бог, чтобы эта работа закончилась в 2021 году. В 2020 году не закончится.

ТӨРАҒА. От кого это зависит, если не от Правительства?

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Это зависит от них в первую очередь, конечно, от того, кто подводит, но и от жителей во многом зависит.

В Западно-Казахстанской области мы провели 1200 километров газопровода и занимались подводом. Строить магистральный газопровод намного легче (в отношении трудоемкости), нежели подводку к домам.

ТӨРАҒА. Это понятно. От кого теперь зависят газораспределительные работы?

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. АГРС уже строится, заканчивается в декабре. АГРС практически готова, под Астаной, в сторону Павловки. А подвод к домам, еще раз говорю, зависит не только от Правительства и министерства, многое зависит и от жителей.

ТӨРАҒА. Олармен кім жұмыс істеу керек?

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Акимат.

ТӨРАҒА. А это что, с другой планеты государственный орган? Это местный исполнительный орган, но координацию всей работы должно вести именно профильное министерство.

Я Вам приведу пример. Рядом со мной вчерашний министр по ЧС. Бактыкожа Салахатдинович, он вел координацию всей работы по ЧС вместе с местными исполнительными органами власти. Тоже многое зависело от населения, от частных, которые владели шахтами, разрезами, карьерами, но эти правила надо вводить и координировать.

Конечно, непростая работа, это работа с населением, но ее надо делать, координировать. Но при таком подходе, как сказал первый заместитель

министра (от нас зависит магистраль, мы ее сделали, и все на этом, дальше акиматы, комиссия создается и прочее), и в 2021 году не будет, не то что в 2020 году. Вот о чем речь идет.

Сөз депутат Мурадовқа беріледі.

МУРАДОВ А.С. Нурлан Зайруллаевич, прошу прощения у Вас и коллег, тем не менее должен отреагировать.

Мы весной проводили круглый стол нашего комитета по вопросу энергетической безопасности. Я готовил. У нас есть рекомендации.

Здесь были заместители акимов Карагандинской, Акмолинской областей и города Нур-Султан. Все три заместителя проговорили все свои действия по этому проекту. Мы задали вопросы и сказали: мы будем 31 декабря с вас спрашивать, что вы сделали по заданию Елбасы.

Поэтому я думаю, что мы должны эти сделать и тогда будем знать, кто ответствен за свой участок. Я весной был на «голове» магистрального трубопровода в Кызылорде, и то, что они проложили, что сделано буквально за год, – это большой успех, я считаю. Ответственность местных исполнительных органов за выполнение заданий, которое дается руководством страны, – это второй вопрос.

ТӨРАҒА. Ахмет Сейдахманович, большая работа проведена, никто ее умаляет. Мы сейчас говорим, что это наши избиратели, наши граждане, которым нужно подвести газ, и министерство должно координировать эту работу в Правительстве. Вот о чем идет речь. Никто не говорит о том, что это легкая работа. Выполнили. Молодцы! Но такой подход, о котором сейчас первый вице-министр сказал, наверное, не совсем правильный. Согласны? Очень правильно сделано, магистраль довели. К 31 декабря, как обещали, магистраль будет.

Вы помните, Елбасы сказал: автобаны построили, но если дорога не дошла до дома, не дошла до поселка, что толку от этого автобана? Параллель такая же. Магистраль проложили, но теперь министерству надо скоординировать. В Правительстве же это министерство ведет данное направление, данную отрасль. Вот о чем речь. Конечно, это сопряжение работы с местными исполнительными органами власти, а акиматы, Бактыкожа Салахатдинович, должны работать с населением. Эту цепочку надо выстраивать, этой цепочкой надо толкать, извините, координировать эту работу, спрашивать, и заинтересовано должно быть в первую очередь все-таки отраслевое министерство. Если начать с первой точки, это же и сырье, которое продается, то, чем занимается это министерство. Вот о чем речь идет. Надо поменять подходы. Еще здесь и координация финансирования.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында, құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Қаулы қабылданды.



Дұрыс: бұған қосымша қағамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі мауф Н. Мамытбаева.